

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**13 қараша 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан  
13 ноября 2024 год**

**COLLECTION OF MATERIALS**

**International scientific and practical conference,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan  
November 13, 2024**

**ASTANA, 2024**



**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

**ISBN978-601-7697-82-2**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

**Рецензенттер:**

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

**Редакциялық алқа:**

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономка ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

**ISBN 978-601-7697-82-2**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024  
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024  
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ КЕЛЕШЕГІ МЕН БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Маркс Ақбота**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Менеджмент-21 тобының студенті.,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы,  
E-mail: [akbotaaam@gmail.com](mailto:akbotaaam@gmail.com)

**Ғылыми жетекші: Хамитхан Назгуль PhD., доцент м.а.**  
[Khamitkhan.nazgul@mail.ru](mailto:Khamitkhan.nazgul@mail.ru)

**Андатпа:** Мақалада Ұлттық қордың ел экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайындағы рөлін тұрақтандыру және жинақтау функциясы бойынша айқындаған. Ұлттық қордың келешегі бойынша қордың мөлшерін көбейтуде сыртқы және әлеуметтік, мұнай бағасының төмендеуімен байланысты факторларды атай отырып, сол арқылы бюджет тапшылығын жабудан басқа болашақ ұрпақ үшін қаржылық қор жинау мақсатында кейбір мәселелерді анықтап, оның шешу жолдарын да қарастырған. Сонымен қатар, шетел тәжірибесін зерттей отырып Ұлттық қорға деген тәуелділікті азайту мүмкіндіктерін қарастырған.

**Кілт сөздер:** Ұлттық қор, тұрақтандыру функциясы, жинақтау функциясы, «Ұлттық қор – балаларға», тәуелділікті азайту.

**Аннотация:** В статье определены стабилизационная и накопительная функции Национального фонда в экономике страны и в улучшении социального положения населения. Рассматриваются перспективы Национального фонда, а также факторы, влияющие на его увеличение, такие как внешние и социальные условия и снижение цен на нефть. Наряду с этим поднимаются вопросы создания финансового резерва для будущих поколений, помимо покрытия дефицита бюджета, и предлагаются пути их решения. Также, изучая зарубежный опыт, рассматриваются возможности снижения зависимости от Национального фонда.

**Ключевые слова:** Национальный фонд, стабилизационная функция, накопительная функция, «Национальный фонд – детям», снижение зависимости.

**Abstract:** The article defines the stabilization and accumulation functions of the National Fund in the country's economy and in improving the social situation of the population. It examines the future prospects of the National Fund and factors influencing its growth, such as external and social factors and declining oil prices. Additionally, it raises issues regarding financial reserve creation for future generations, beyond budget deficit coverage, and proposes solutions. The article also explores possibilities for reducing reliance on the National Fund by studying international experience.

**Keywords:** National Fund, stabilization function, accumulation function, "National Fund for Children," reducing dependency.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры - елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету және болашақ ұрпақ үшін қаржылық қор жинау мақсатында құрылған қор. Ол 2000 жылы экономиканың шикізат секторынан түскен табыстарды жинақтау және сақтау үшін құрылды. Ұлттық Қордың негізгі екі функциясы бар:

1. Тұрақтандыру функциясы: Бұл функция экономикалық дағдарыстар, шикізат бағасының төмендеуі немесе басқа да қаржылық қиындықтар кезінде мемлекет бюджетіне қолдау көрсету үшін қолданылады.

2. Жинақтау функциясы: Бұл болашақ ұрпақтарға арналған қаржылық резервті жинақтау үшін қолданылады. Ұлттық қордың жинақтау бөлігіндегі қаражат өсімі ұзақ


мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді [1].

Біз білетініміздей Ұлттық қор бюджет тапшылығы кезінде қаржыға деген сұранысты жабады және дағдарыстар кезінде экономикаға қаржы көлемі құйылу арқылы экономиканы бір жерде ұстап тұрады. Мысал ретінде, 2020 жылы болған Covid-19 оқиғасы. Жаһандық вирус 2020 жылы Қазақстанда анықталған кейін, 16 наурызда төтенше жағдай жарияланды. 2020 жылы Ұлттық қордан барлығы 4,77 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге 6,8% бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша нақты ЖІӨ-нің төмендеуі 2,5%-ды құрады [2].

Ұлттық қор түсімдері артқан жағдай болса да, бюджет тапшылығына, трансферттерге байланысты, қордан белгілі ақша көлемдері алынады. 2023 жылы ЖІӨ көлемі 5,1 пайызға өсті. Бірақ Ұлттық қордан алынған трансферт жоғары болып қалды. 2023 жылы ол 4 трлн теңге болып, 2022 жылға қарағанда 600 млрд теңгеге қысқарған. Және де үкімет Ұлттық қордан 1,3 трлн теңгені «ҚазМұнайГаздың» 20% акциясын сатып алуға бағыттады. Жалпы трансферттердің жалпы сомасы 5,3 триллион теңгені құрады.

Соңғы жылдары Ұлттық қорды дұрыс қаржыландыруға, пайдаланбауға, әртүрлі факторларға байланысты жалпы қаржы көлемдері азаюда.

Жалпы алғанда Қазақстанның ұлттық қорындағы қаржы мөлшері 2000-2023 жж аралығында қалай өзгергенін көре аламыз (сурет 1).



Сурет 1-Қазақстанның ұлттық қорындағы қаржы мөлшері 2000-2023 жж. Ескерту: Авторман құрастырылған дерек көзі [3].

1-суретте көріп отырғанымыздай, соңғы жылдары Ұлттық қордың бюджеті 2014 жылға қарағанда біршама азайып қалды. 2000 жылы Ұлттық қордың пайда болуына байланысты жалпы қаржы көлемі 1,24 млрд долларды құрады. Бірақ неге 2014 жылы 77,2 млрд доллардан, 2018 жылы 58,3 млрд долларға жетті. Егер де олардың арасы бар жоғы 4 жыл болса. Оған бірнеше себептер бар.

#### 1. Сыртқы факторлар:

Бізге таныс жағдай бюджет тапшылығына байланысты Ұлттық қордан қаржы тартуы. Мысалы, алдыңғы жылы мұнайдан тапқан табыс 4,56 трлн теңгені құрады, бюджет тапшылығы 4,1 трлн теңге. Бюджет тапшылығын жабуға байланысты, таза түсім 460 млрд теңге болды. Және де Экономикалық саясат институтының директоры Қайырбек Арыстанбековтің айтуынша, Ұлттық қордың азаюына ықпал еткен факторлар дәл сол қаржы молайған 2014-2015 жылдары басталған.

– 2014 жылы Ұлттық қордағы қаржының көлемі 77 млрд доллардан асқаны рас. Одан кейін қаржы көлемі азая берді. Бұған ішкі және сыртқы бірнеше фактор себеп болды. Сыртқы факторды айтар болсақ, біз 2014-2015 жылдардан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болдық. Осы одаққа кірмей тұрған уақытта Қазақстандағы тауардың бағалары көрші Ресеймен салыстырғанда 30-50 пайызға арзан болып тұрды. Одаққа кіре сала Қазақстан

нарығына ресейлік тауарлар жаппай енді. Жұмыс күші ағылды, бизнесі кірді, капиталы араласты. Осылайша, біздегі өмір сүру қымбаттай бастады, ал Ресей сол қалпында қалды. Аталған үдеріске ілескен соң Қазақстанның әлеуметтік саласы қиын жағдайға түсті. Ақыры бюджет шығындарының өсуіне әкеліп соқтырды, – дейді сарапшы.

## 2.Әлеуметтік фактор

Біз білетініміздей 2020 жылы болған коронавирус пандемиясы елеміздің бюджетіне біршама теріс әсер берді. Оның өзі ұлттық қордың 4,77 трлн теңге қаржы көлемін тартты. Қазір мемлекеттік бюджеттің 40 пайызы әлеуметтік салаға жұмсалады. Бұған дейін мұғалімдер мен медицина саласы мамандарының жалақысы екі есеге өсірілді, әскери қызметшілер мен құтқарушылардың, өрт сөндірушілердің табысы қосымша арттырылды. Салық кодексінде 280-нен астам жеңілдіктер мен босатулар тізімі тұр. Осыдан тағы басқа да әлеуметтік факторлар қорға біршама әсер қалдырады.

## 3.Мұнай бағасының төмендеуі

2015 жылдан бастап мұнай бағасы төмендей бастады.Мысалы, 2014 жылы Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 100 долларға дейін сатылды. 2015 жылы мұнай бағасы төмендеп,2016 жылы 70 долларға жетті. Барлығымыз білетіндей Қазақстан Республикасының негізгі табыс көздерінің бірі мұнайболып табылады. Соңғы жылдары электромобильдер,технологияның дамуына байланысты мұнайға деген сұраныс төмендеп жатыр,мұнайдың бағасы төмендесе еліміздіңтабыс көзі азаяды. Ал, ұлттық қорға келетін түсімдеде 2014 жылдан кейін түскені де,осыған байланысты [3].

Осылай сарапшының айтуы бойынша ұлттық қордың азаю себептері айқындалды. Сондықтан, біздің қарастырғанымыз ұлттық қордың тұрақтандыру функциясы болды. Енді жинақтау функциясына тоқталсақ.

Ұлттық қор болашақ ұрпақ үшін қаржылық қор жинау мақсатында құрылған қор екені барлығымызға таныс . Сондықтан «Ұлттық қор – балаларға» жобасы – соның іске асып жатқанын көрсетеді. Қазір қордың жылдық инвестициялық табысының 50 пайызы 18 жасқа дейінгі балалардың есепшотына аударылады.

«Ұлттық қор – балаларға» жобасының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты қолдау және оларға ұлттық жинақ есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға мүмкіндік беру. Бұл жобаға 18 жасқа толмаған ҚР азаматтары қатыса алады.

Бағдарламаға қатысушылар саны: 6 919 131 бала. Бұлардың ішінде: 18 жасқа 2024 жылы толатын 304 815 бала бар. Ақшаны тұрғын үйге немесе білім алуға жұмсауға болады. Бағдарлама іске қосылғаннан кейінгі 5 күн ішінде нысаналы жинақ төлемін алуға 30-дан астам өтінім түсті. Олар бойынша төлем жасалды. 2023 жыл үшін аударылған сома: 100 АҚШ доллары 52 центі.

Кесте 1 - Қазақстанның облыстары бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың/нысаналы жинақтар алушылардың саны және оларға аударылған сома

Облысы	Нысаналы талаптарға қатысушы		Нысаналы жинақтарды алушы	
	Саны	Сомасы,АҚШ долларымен	Саны	Сомасы,АҚШ долларымен
Ақмола облысы	215 487	21 660 753,24	11 283	1 134 167,16
Ақтөбе облысы	331 394	33 311 724,88	13 684	1 375 515,68
Алматы облысы	608 711	61 187 629,72	26 802	2 694 137,04
Атырау облысы	277 236	27 867 762,72	11 117	1 117 480,84
Шығыс Қазақстан облысы	225 822	22 699 627,44	9 305	935 338,60
Жамбыл облысы	472 426	47 488 261,52	21 626	2 173 845,52 –
Батыс Қазақстан облысы	220 355	22 150 084,60	9 406	945 491,12
Қарағанды облысы	343 230	34 501 479,60	16 205	1 628 926,60 –
Қызылорда облысы	338 320	34 007 926,40	14 182	1 425 574,64

Қостанай облысы	211 083	21 218 063,16	10 716	1 077 172,32
Маңғыстау облысы	330 390	33 210 802,80	12 755	1 282 132,60
Павлодар облысы	213 934	21 504 645,68	10 501	1 055 560,52
Солтүстік Қазақстан облысы	132 977	13 366 848,04	7 418	745 657,36
Шымкент	502 752	50 536 631,04	19 158	1 925 762,16
Алматы	666 443	66 990 850,36	26 621	2 675 942,92
Астана	481 349	48 385 201,48	18 346	1 844 139,92
Түркістан облысы	922 841	92 763 977,32	41 968	4 218 623,36
Абай облысы	157 856	15 867 685,12	9 395	944 385,40
Ұлытау облысы	63 948	6 428 052,96	3 236	325 282,72
Жетісу облысы	202 577	20 363 040,04	11 091	1 114 867,32
Барлығы	6 919 131	695 511 048,12	304 815	30 640 003,80

Ескерту: Авторман құрастырылған дерек көзі[4]

1-кестеде көріп отырғанымыздай балалардың ең көп саны-Түркістан облысы,922841 балаға-92763977,32 доллар. Балалардың ең аз саны –Ұлытау облысында,63948 балаға-6428052,96 доллар. Жалпы 2024 дерек бойынша 6919131 бала санына-695511048,12 доллар беріліп отыр. Бұл жоба енді бастағаннан кейін жобалап 18 жаста балалар 3500 доллар алуы мүмкін. Бұл көрсеткіш болашақта тағы өсуі мүмкін.

Бірақ бұл жоба ұлттық қордың 50 пайызын балаларға берілгеннен кейін,экономикаға біршама әсер етеді. Трансферттерді қаржыландыру көлемі төмендеп,бюджет тапшылығында тек ұлттық қорға қарамай,басқа да жолдарды іздестіру арқылы экономикаға дамуы мүмкін. Жоба енді басталғаннан кейін ұлттық қорға ,экономикаға тиген әсерін білмейміз. Болашақта балаларда оқуға деген қаражаттары болғаннан кейін,мүмкін біздің елде гранттар саны азайыпта қалар.

Мысалы: Норвегия елінің мемлекеттік зейнетақы қоры арқылы мемлекеттік бюджетке қолдау көрсетеді. Қордың табысы арқылы білім саласына қаржы бөлуге мүмкіндік береді. Норвегияда оқыту тегін, жоғары оқу орнына тегін түрде тіпті халықаралық студенттер түсе алады. Оқудың тегін болған себептерінің бірі - мемлекетке осы қордың көмегімен қаржыландыру қолжетімді болып отырғаны.

Осы мәселелер мен шетел тәжірибесін зерттей отырып мынадай ұсыныстар айтуға болады:

- Ұлттық қорға деген тәуелділікті азайту арқылы біз экономикаға, инвестицияға,еліміздің дамуына әсер бере аламыз. Осы жобаның арқасында,қорға түсетін қаражаттар шектеледі,ал ол болса басқа қаражаттарды табу жолдарына алып келеді. Тек мұнай сияқты инвестицияларға қарамай, ұлттық қорды басқа да инвестициялық салаларға да басымдық беру арқылы арттыруға болады. Оны анықтау үшін Қазақстан Республикасына ұзақ мерзімде пайда алып келетіндей жолдарды табу керек, кейін осы қаражаттар арқылы ұлттық қорды қаржыландыруға болады.

-Қазақстан Республикасы сияқты Норвегияда өзінің қоры бар. Сол елдің қорды тиімді қолдануын көрі отырғанымыздай,өзіміздің қорымызды тиімді қолдануға болады.Ұлттық қорды білім саласына инвестицияларды қаржыландыру арқылы гранттар санын көбейтуге немесе студенттерге бастапқы қаражат ретінде беруге болады. Норвегия еліндей біздің елде жоғары оқу орнында білім қазіргі уақытта тегін болмайды. Сондықтан «Ұлттық Қор-балаларға» жобасы арқылы оқушылар мен студенттерді білім алуға қаржыландыруға мүмкіндік алып отырмыз. Осы қаржыландырумен білім алуды көптеген оқушыларға қолжетімді болып отыр.

Қорытындылай келе, ұлттық қор еліміздің әлеуметтік-экономика жағдайында үлкен орын алады. Осы қорды дұрыс пайдалану арқылы экономикаға оң әсер беріп,еліміздің бюджет тапшылығын жабу арқылы,қосымша қарыздарды алуға борыш бермейді. Дағдарыстар кезінде еліміздің экономикасын қаржыландыру арқылы инфляция,жұмыссыздық сияқты мәселелердің деңгейін азайтуға мүмкіндік береді.«Ұлттық Қор-балаларға» жобасы арқылы



болашақ ұрпаққа қаржылай көмек беру,білімге деген инвестициялар,болашақ жұмыстарға үлкен әсер береді. Тек өз елімізге қарай бермей,басқа елдердің тәжірибесін қолдану арқылы өз елімізді дамытайық. Барлығы өзіміздің қолымызда.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельникова В.Д. Қаржы:Оқулық-Экономика, 2017ж. - 322 бет

2.Қазақстанның мемлекеттік қаржысы дағдарыста/-<https://vlast.kz/kz/vlast-qazaqsha/61483-kazakstanny-memlekettik-karzysy-dagdarysta.html>

3.Ұлттық қор келешегі: қаржы азая ма, көбейе ме/-<https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/ulityk-kor-keleshegi-karzhy-azaja-ma-kobeje-me>

4.«Ұлттық қор - балаларға»: бағдарламасы 2024 жылы басталып, қалай жүзеге асырылуда  
<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/4b2/4b2d6f46f5f4959c2e1deab5d30e4eab.pdf>

УДК (336.74)

## ВЛИЯНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ БАЗОВОЙ СТАВКИ НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА РК НА ЭКОНОМИКУ

*Махмут Д.М.*

студентка 3 курса, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: [dd8068197@gmail.com](mailto:dd8068197@gmail.com)

*Ажмухамедова А.А.*

к.э.н., старший преподаватель

**Аннотация:** В статье рассмотрено влияние изменений базовой ставки Национального Банка Республики Казахстан на экономику страны в последние три года. Проведен анализ динамики изменения базовой ставки, ее роль в регулировании инфляции и экономической активности. Представлены возможные сценарии развития базовой ставки в зависимости от макроэкономических факторов и действий финансового регулятора, включая сценарии стабилизации, снижения ставки и перехода к нейтральной денежно-кредитной политике. Выводы подчеркивают значимость базовой ставки как инструмента денежно-кредитной политики, влияющего на курс тенге, инфляцию и темпы экономического роста.

**Ключевые слова:** базовая ставка, Национальный Банк РК, инфляция, денежно-кредитная политика, экономический рост, курс тенге

**Андатпа:** Мақалада соңғы үш жылдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің өзгерістерінің ел экономикасына әсері қарастырылған. Базалық мөлшерлеменің динамикасы, инфляция мен экономикалық белсенділікті реттеудегі рөлі талданады. Макроэкономикалық факторларға және қаржылық реттеушінің әрекеттеріне байланысты базалық мөлшерлеменің дамуының мүмкін сценарийлері, соның ішінде тұрақтандыру, мөлшерлемені төмендету және бейтарап ақша-несие саясатына көшу сценарийлері ұсынылады. Қорытындылар базалық мөлшерлеменің теңге бағамына, инфляцияға және экономикалық өсу қарқынына әсер ететін ақша-несие саясатының құралы ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** базалық мөлшерлеме, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, инфляция, ақша-несие саясаты, экономикалық өсу, теңге бағамы

**Abstract:** This article examines the impact of changes in the base rate of the National Bank of the Republic of Kazakhstan on the country's economy over the past three years. An analysis of the base rate dynamics, its role in controlling inflation and economic activity, is conducted. Possible